

**"Аусылға қарсы вакцина сатып алудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 шілдедегі № 544 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
«Аусылға қарсы вакцина сатып алудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К.Мәсімов*

**Аусылға қарсы вакцина сатып алудың кейбір мәселелері туралы**

Жануарлар аусылына қарсы профилактикалық іс-шараларды уақтылы жүргізу  
мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:
  - 1) «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 65) тармақшасына сәйкес «Жануарлар саулығын қорғаудың федералдық орталығы» федералдық мемлекеттік бюджеттік мекемесін (Ресей Федерациясы, Владимир қаласы) аусылға қарсы тазартылған вакцинаны жеткізуші етіп айқындасын;
  - 2) осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
2. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті* *Н.Назарбаев*